

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
АЛҒА АУДАНЫ  
МКҚК «Балапан» Маржанбұлақ  
балабақшасы»

030210 Ақтөбе облысы,  
Алға ауданы  
Маржанбұлақ ауылы,  
Мектеп көшесі, № 6  
Тел 8(7133) 75-37-50

**БҰЙРЫҚ**  
№ 26



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
АЛГИНСКИЙ РАЙОН  
ГККП «Маржанбулакский  
детский сад «Балапан»

030210 Актюбинская область,  
Алгинский район  
с.Маржанбулак  
ул.Мектеп № 6  
тел 8(7133) 75-37-50

**ПРИКАЗ**

« 19 » 05 2025 ж.

**«Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын  
ұйымдастыру және өткізу туралы».**

2025 жылдың 16 мамырдағы №4 кезекті педагогикалық кеңес отырысының шешімі негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 19 мамыр мен 19 маусым аралығында балабақшаның өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып, өткізілсін;
2. Балабақшада өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін, төмендегі құрамда педагог қызметкерлерден комиссия бекітілсін, өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмалар бөлінсін;
  - 2.1. Л.Еркусимова, балабақша меңгерушісі - комиссия төрайымы;
  - 2.2. Н.Кангожина, әдіскер - комиссия мүшесі;
  - 2.3. А.Абенова, тәрбиеші - комиссия мүшесі;
  - 2.4. Н.Смадиярова, тәрбиеші - комиссия мүшесі;
  - 2.5. С.Аймахова, тәрбиеші - комиссия мүшесі.
3. Осы бұйрықтың орындалуына жауапты балабақша әдіскері Н.Кангожина бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы»

Алға ауданының білім бөлімі ММ

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының

меңгерушісі




Еркусимова Л.Т.

Таныстым:


Н.Кангожина



А.Абенова



Н.Смадиярова



С.Аймахова



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагог  
қызметкерлерімен өткізілген №4 кезекті педагогикалық кеңес  
отырысының хаттамасынан көшірме.**

**Маржанбұлақ ауылы**

**16.05.2025 жыл.**

Барлық педагогтар саны - 10

Қатысқан педагогтар саны - 9

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Балабақша меңгерушісі Л.Т.Еркусимова кезекті педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырды.

Балабақша меңгерушісі Л.Т.Еркусимова өз сөзінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына сәйкес балабақша жыл сайын өзін-өзі бағалауды ұйымдастырып өткізуге міндетті екенің атап өтті. Білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізетін, сонымен қатар мекеменің ресми сайтына өзін-өзі бағалау бойынша орналастырылған құжаттарға бақылау жүргізетін ұйым.- Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін ең алдымен мына нормативтік құжаттарды басшылыққа алуымыз керек: "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы, «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», ҚР Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы. Осы және басқада нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамы бекітіліп, атқарылатын жұмыстарды, яғни орындайтын міндеттерді әр педагогқа бөлу жұмыстарын жүргізілу қажеттілігі айтылды..

Балабақша әдіскері Н.Кангожина өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу төмендегідей бағыттарда жүргізілетініне тоқталды:

1. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
2. Оқыту және білім беру.
3. Білікті қызметкерлердің болуы.
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Сонымен бірге, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнының өлшемшарттары төмендегідей:

- Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;
- білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау
- баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
- үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;
  - Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар;

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

- Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Балабақша меңгерушісі Л.Т.Еркусимова өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін педагог қызметкерлер арасында дауысқа салып, төмендегідей құрамда комиссия құрамы жасақталып, өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша нақты тапсырмалар бөліп берді. Атап айтқанда:

- 1.1. комиссия төрайымы - Л.Еркусимова, меңгеруші;
- 1.2. комиссия мүшесі - Н.Кангожина, әдіскер;
- 1.3. комиссия мүшесі - А.Абенова, тәрбиеші;
- 1.4. комиссия мүшесі – Н.Смадиярова тәрбиеші;
- 1.5. комиссия мүшесі - С.Аймахова, тәрбиеші.

Кенесті қорытындылай келе, жоғарыда аталған тапсырмаларды барлық педагог қызметкерлер жауапкершілікпен, ұйымшылдықпен және ауызбіршілікпен атқарғанда ғана өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру жоғары деңгейде өтетінін атап өтті.

### **ШЕШІМ:**

1. Жоғарыда аталған комиссия мүшелерінің құрамы бекітілсін;
2. Балабақшада 2025 жылдың 19 мамыр мен 19 маусым аралығында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып, өткізілсін.

Педагогикалық кеңес



Л.Еркусимова.

Педагогикалық кеңес хатшысы:

С.Боранбаева.